

Кала әкімдігінде шаһар басшысы Нурлыбек Нәлібаевтың торағалығымен аппарат отырысы отті. Бүгән дейін мәжіліс залында ине шаһшар орын болмайтын. Бұл жолы орын бос болды. Шамасы, ақжағалылар тамылжыған тамызда тынығуды жон санаса керек. Жә, бастысы, ол емес.

Аппарат мәжілісінде екі мәселе таразыға тартылды.



Алдымен Кызылозек ауылдык округінің әкімі Сәкен Әбдіжаппар жыл басынан бері атқарған жұмысы туралы есеп берді. Елді мекендегі колға алынған жобаларды тілге тиек еткен ол ауыл халкын аландатқан мәселелерді де жайып салды. Оның айтуынша, Караозек бекетінде орналасқан 127 вйдін 35-і теміржол бекетіне карасты электр желісіне қосылған корінеді. Кенес үкіметінің тұсында. Тозығы жеткен подстанцияның 35 вйді жарықтандыруға күші жетпейді екен. Сондықтан оған жауапты мекеме электр қуатынан ажыратпак. Ал ауылға «Кызылорда қалалык электр тарату торабы» мекемесінің орнатқан подстанциясының да жағдайы анау айтқандай емес. «Қазіргі танда жанадан электр подстанциясын салудың қажеттілігі туындап отыр» дейді ауыл әкімі. Сонымен қатар Караозек халкын қаламен байланыстырып отырған жалғыз көпір апатты жағдайда деп танылған. Осындай түйткілдерді ортаға салған ауыл әкімі қала басшысынан шүғыл түрде аталған мәселені шешуге ықпал етуді сұрады.

Оз кезегінде Кызылорда қалалык мәслихатының хатшысы Роза Боханова ауылда бұқаралык спортты дамытуға байланысты нендей іс-шаралар откізіліп жатқандығын сұрады.

– Ауылдык округке карасты екі елді мекенде спорт кешені жок. Дегенмен, мектептің спорт залында түрлі спорттық шараларды ұдайы откізіп тұрамыз. Спорт нысандарын салу туралы мәселе бүгән дейін де қотерілген, - деп атап отті Сәкен Нысанұлы.

Бұл ретте қала әкімі жекеменшік әріптестік аясында салынып жатқан нысандарды

бакылауга алу керектігін ескертті. Онын созінше, буган жумсалган кәсіпкердін қаржысын мемлекет отейтін болган сон қурылыс жұмыстарын назарда ұстаган жон.

– Әр ауылға 300-400 млн теңгеге спорт кешендерін тұрғызуга мүмкіндік жок. Онын қайтарымы бар. Егер кәсіпкерлер оздері салып беремін десе, қуба-қуп. Сондықтан әзірше қолда бар дүниені пайдаланган дұрыс, - деді Н.Машбекұлы.

Сондай-ақ, ол жекеменшік әріптестік аясында салынган нысандардын онсызда қоп екендігін алға тартты.

Бұдан сон «Қызылорда тазалығы» ЖШС директоры Марат Жаркетқенов баяндама жасады. Ол жыл басынан бері атқарган жұмысын жіпке тізді. Тазалық шараларын іске асыру бойынша жүргізіліп жатқан шаруалар жонінде айтып берді. Дегенмен, бұл тұрғыда да түйткілдердін бары белгілі. Әсіресе, әлеуметтік желіде қала тазалығына қатысты сын-ескертпе оте қоп. Мұны серіктестік басшысы техниканын аздығымен түсіндірді. Оз кезегінде Н.Машбекұлы да аталган проблеманы жокқа шығармады.

– Рас, серіктестікке осыдан 6-7 жыл бұрын техникалар алып бердік. Олар 24 сағат тынбай жұмыс істейді. Техникалардын тозығы жетті. Серіктестіктін техникалық базасын жаналау керек. «Сана тазармай, қала тазармайды». Біз осыны тұрғындарға түсіндіруіміз қажет, - деп атап отті.

Сонымен қатар шаңар басшысы «Қызылорда тазалығына» 200-ден аса қошеге тазалық жұмыстарын жүргізуге қаржы болінетінін жеткізді. Алайда бүгінгі таңда қалада 800-дін үстінде қоше бар екен. Онын барлығына техниканын жетпейтінін ашық айтты.

Мәжіліс сонында қала әкімі қотерілген мәселелерге орай тиісті сала басшыларына тапсырмалар жүктеді.

Халық-хабар